

Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы және Патронат туралы ережелерді және Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 389 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 389 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 17 желтоқсандағы заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы ереже;
- 2) Патронат туралы ереже;
- 3) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Қазақ КСР-інің қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1970 жылғы 27 ақпандағы N 136 қаулысы (Қаз КСР ҚЖ, 1970 ж., N 4, 20 құжат);
- 2) "Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1970 жылғы 27 ақпандағы N 136 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар ендіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 мамырдағы N 521 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 22, 227-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және баспасөзде жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 9 қыркүйектегі

N 1346 қаулысымен

Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қорғаншылық пен қамқоршылық:

1) ата-анасының қайтыс болуының, оларды ата-аналық құқықтарынан айырудың, шектеудің, ата-анасын әрекетке қабілетсіз деп танудың, ата-анасының науқастығының, ата-анасының ұзақ уақыт болмауының, ата-анасының балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруының, оның ішінде ата-анасының балаларын тәрбиелеу, емдеу және басқа да осындай мекемелерден алудан бас тартуының салдарынан, сондай-ақ ата-аналық қамқорлық болмаған өзге де жағдайларда балаларды орналастыру, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында;

2) әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін белгіленеді.

2. Егер қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген адамның басқа жерде мүлкі болса, онда осы мүлікті басқару үшін қорғаншылық және қамқоршылық органдар оның орналасқан жері бойынша қорғаншылық тағайындай алады.

Патронаттық тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу шарттары заңнамаға сәйкес мемлекеттік білім беру мекемелері тәрбиешілерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарына ұқсас анықталады. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41 қаулысымен. P020041_

3. Қорғаншылық он төрт жасқа толмаған балаларға, сондай-ақ психикалық аурудың салдарынан немесе ақыл-есі кемістігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға белгіленеді.

Қорғаншылық кәмелетке толмаған, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың, қайтыс болған немесе соттың шешімімен қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған адамдардың мүлкіне тағайындалады.

4. Қамқоршылық он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ спиртті ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салынуы салдарынан сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарға белгіленеді.

5. Денсаулығы жағдайы бойынша өзінің құқықтарын өз бетінше жүзеге асыра және міндеттерді орындай алмайтын кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз адамдардың өтініші бойынша қамқоршылық белгіленуі мүмкін.

6. Жергілікті атқарушы органдар қорғаншылық және қамқоршылық органдары болып табылады.

Аудандық және қалалық атқарушы органдар өздерінің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын уәкілетті білім, халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау органдары арқылы жүзеге асырады, ал поселкелік, селолық, ауылдық атқарушы органдар бұл функцияларды дербес жүзеге асырады.

7. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары өз функцияларын "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

8. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарынан басқа жеке және заңды тұлғалардың ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру жөніндегі қызметіне тиым салынады.

9. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары қорғаншыны немесе қамқоршыны белгілеу кезінде ең алдымен қамқорлыққа алынатындардың мүдделеріне сүйенеді.

10. Екі жыныстағы кәмелетке толған адамдар:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот бойынша ата-аналық құқықтарынан айрылған немесе шектелген адамдарды;

3) өзіне заңмен жүктелген міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін қорғаншы (қамқоршы) міндетінен шеттетілгендерді;

4) егер асырап алу олардың кінәсі бойынша сотпен тоқтатылған болса, бұрынғы бала асырап алушыларды;

5) денсаулығы жағдайы бойынша* баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқара алмайтын адамдарды қоспағанда қорғаншылар (қамқоршылар) бола алады.

*Бала асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронатқа алуға болмайтын аурулардың тізімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 маусымдағы N 842 қаулысымен бекітілген.

Егер ол қамқорлыққа алынушының мүдделеріне қайшы келмейтін болса жұбайының, ата-анасының, туыстарының немесе қамқорлыққа алынушыға

жақын басқа да адамдардың қорғаншы немесе қамқоршы болып тағайындалуға басым құқығы болады.

11. Егер қамқорлыққа алынушылардың мүдделерінің арасында қайшылық болмаса, бірнеше адам үшін бір қорғаншы немесе қамқоршы тағайындауға жол беріледі.

12. Ата-анасы әрекетке қабілетсіз және ата-аналық құқықтарынан айрылмаған, бірақ оларды тәрбиелеуді жүзеге асыра алмайтын кәмелетке толмаған балаларға қорғаншылық және қамқоршылық тағайындау кезінде қорғаншылар мен қамқоршылар ата-аналардың тілегі ескеріле отырып тағайындалады.

13. Қорғаншылық пен қамқоршылықты қорғаншылық пен қамқоршылыққа мұқтаж адамдардың тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары белгілейді. Жекелеген жағдайларда қорғаншылық (қамқоршылық) қорғаншының (қамқоршының) тұрғылықты жері бойынша белгіленуі мүмкін.

14. Қорғаншыны (қамқоршыны) тағайындау туралы мәселені мына құжаттар:

- 1) адамның қорғаншы (қамқоршы) болғысы келетіндігі туралы өтініші;
- 2) егер жасы кәмелетке толмаған балаға қорғаншы (қамқоршы) болғысы келген адам некеде тұратын болса, жұбайының келісімі;
- 3) қорғаншы (қамқоршы) болғысы келетін адамның денсаулығы жағдайы туралы анықтама;
- 4) егер қорғаншы (қамқоршы) болғысы келетін адам некеде тұратын болса, жұбайының денсаулығы жағдайы туралы анықтама;
- 5) баланы тәрбиелеуге тілек білдірген адамның тұрмыс жағдайын тексеру актісі;
- 6) қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленетін баланың тұрмыс жағдайын тексеру актісі болған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органдары шешеді.

15. Қорғаншы (қамқоршы) болып белгіленген адамға қорғаншылық (қамқоршылық) органдарының шешіміне сәйкес куәлік беріледі.

16. Қорғаншылыққа (қамқорлыққа) мұқтаж және тиісті тәрбиелік, емдеу мекемелеріндегі және халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі адамдардың қорғаншысы мен қамқоршысы осы мекемелердің әкімшілігі болып табылады.

Қорғаншының (қамқоршының) баланы мұндай мекемеге уақытша орналастыруы қорғаншының (қамқоршының) осы балаға қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.

17. Қорғаншылар мен қамқоршылар кез-келген тұлғалармен, оның ішінде соттарда өз қамқорлығындағылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арнайы өкілеттісіз қатысады.

2. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының құқықтары

18. Қорғаншылық және қамқоршылық органдардың заңдарда белгіленген тәртіппен:

- 1) қорғаншылар мен қамқоршыларды тағайындауға;
- 2) қамқоршының он алты жасқа толған қамқорлығындағы баладан оның тәрбиесіне, құқықтары мен мүдделеріне қолайсыз әсер етпеуі шартымен бөлек тұруына рұқсат беруге;
- 3) қорғаншыларды (қамқоршыларды), егер олар науқастығына, мүліктік жағдайы өзгеруіне, қамқорлығындағы адаммен өзара түсіністіктің болмауына орай немесе басқа да дәлелді себептер бойынша, олардың өтінімі бойынша оларды өз міндеттерін орындаудан босатуға;
- 4) "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгілеген жағдайларда баланы асырап алуға келісім беруге;
- 5) егер асырап алушы баланы тәрбиелеу және оған қамқорлық жасау жөніндегі өзінің міндеттерін дұрыс орындамаса, сондай-ақ баланың мүдделері оны талап ететін басқа да жағдайларда асырап алуды тоқтатуды талап етуге;
- 6) асырап алуды жарамсыз деп тануды талап етуге;
- 7) егер ол балаға зиянды әсер етпесе, ата-аналық құқығынан айрылған ата-ананың (олардың біреуінің) өтініші бойынша баламен кездесуге рұқсат етуге;
- 8) заңдарда көзделген жағдайларда, егер ол балаға зиянды әсер етпейтін болса, ата-аналық құқықтары сотпен шектелген ата-аналарға баласымен араласуға келісім беруге;
- 9) ата-ананың арасындағы балаларды тәрбиелеу мен білім беруге қатысты мәселелер жөніндегі келіспеушілікті шешуге;
- 10) қорғаншыға (қамқоршыға) қамқорлығындағы адамның мүлкін иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту жөнінде мәміле жасауға (мәміле жасауға келісім беруге) немесе оның атынан кепілдік шарт жасасуға, оны жалға (арендаға), тегін пайдалануға немесе кепілге беруге, қамқорлығындағы адамның заң бойынша және өсиет бойынша мұраға тиесілі құқығынан бас тартуға әкелетін мәміле жасауға, оның мүлкін бөлуге немесе одан оның үлесін шығаруға, сондай-ақ қамқорлығындағы адамның мүлкін азайтуға әкелетін кез-келген басқа да мәмілелерді жасауға рұқсат беруге;
- 11) қорғаншы осы баптың 10-тармағында көрсетілген мәмілелердің нәтижесінде алған қаражаттың қалай жұмсалуды қажет екендігін айқындауға;
- 12) қамқорлығындағы адамның қорғаншыға (қамқоршыға), оның жұбайына немесе туыстарына осы адам қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалғанға дейін пайда болған қамқорлықтағы адамның қарыздарын төлеуіне рұқсат етуге;

13) белгіленген тәртіппен қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған адамдардың мүлкіне қорғаншылық тағайындауға;

14) баланы асырап алуды жарамсыз деп табуды талап етуге;

15) баланы асырап алуды жоюды талап етуге;

16) ата-анасын немесе олардың біреуін ата-аналық құқықтарынан айыру туралы іс қозғауға;

17) қорғаншылар мен қамқоршылардың іс-әрекетіне шағымдарды қарастыруға;

18) қорғаншы немесе қамқоршы өзіне жүктелген міндеттерді дұрыс орындамаған, оның ішінде олар қорғаншылық пен қамқоршылықты жеке басының мақсатына пайдаланылған кезде немесе қамқорлығындағы адамды бақылаусыз және қажетті көмексіз қалдырған жағдайларда, қорғаншылар мен қамқоршыларды бұл міндеттерді орындаудан шеттетуге;

19) қамқорлыққа алынған адамға оны ұстауға жеткілікті қаражат болмаған жағдайда, жәрдемақы тағайындауға;

20) кәмелетке толмаған балалардың, сондай-ақ кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі адамдардың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басқа да қызметтерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының міндеттері

19. Қорғаншылық және қамқоршылық органдар заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтауға, олардың тұрмыс жағдайларын тексеруге, мұндай балалардың есебін жүргізуге және ата-анасының қамқорлығынан айрылуының нақты жағдайларына қарай балаларды орналастырудың нысандарын таңдауға, сондай-ақ олардың күтімі, тәрбиесі және білім алуы жағдайларын одан әрі бақылауды жүзеге асыруға;

2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәлімет алған күннен бастап үш күннің ішінде баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды және бір айдың ішінде оны орналастыруды қамтамасыз етуге.

Баланы отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда, ол туралы мәліметті баланы есепке алу және кейіннен Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының отбасына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдемдесу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің білім беруді басқару органына жолдауға;

3) қорғаншылар мен қамқоршылардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға, ол үшін жылына кемінде екі рет олардың өз міндеттерін орындауын тексеруге,

сондай-ақ жыл сайын қорғаншылардың қамқорлығындағы адамның денсаулық жағдайы туралы, оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыстары туралы есеп беруін талап етуге;

4) ата-аналық құқықтарынан айыру немесе шектеу, ата-аналық құқықтарын қалпына келтіру, бала асырап алудың күшін жою немесе жарамсыз деп тану, жасы кәмелетке толмағандармен некені жарамсыз деп тану, сондай-ақ "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқа да істер қаралған кезде сотқа қатысуға;

5) бала мен оны тәрбиелеуге тілек білдірген адамдардың тұрмыс жағдайларын тексеруге;

6) он жасқа толған баланың асырап алуға келісімін анықтауға және ол үшін ұғынымды нысанда асырап алудың мәнін түсіндіруге;

7) баланы асырап алудың құпиясын сақтауға;

8) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балалардың, белгіленген тәртіппен жүйкесі ауру немесе ақыл-есі жетімсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың мүлкінің қаттауын, сондай-ақ белгіленген тәртіппен, қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған және денсаулығы жағдайы бойынша өз бетінше өзінің құқықтарын қорғай алмайтын және өзінің міндеттерін атқара алмайтын кәмелетке толған адамдардың мүлкінің қаттауын жасауға;

9) қатталған мүлікті қорғау шараларын қабылдауға;

10) қорғаншылар мен қамқоршылардан өздерінің міндеттерін жүзеге асыруды талап етуге міндетті.

4. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының шешімдеріне шағымдану

20. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының барлық мәселелер жөніндегі шешімдеріне сот тәртібімен мүдделі адамдар шағымдануы мүмкін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 9 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 1 3 4 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Патронат туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес патронат нысанындағы қорғаншылық және қамқоршылық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да осындай мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға белгіленеді.

Патронат - ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншы және қамқоршы орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген тұлға (патронаттық тәрбиеші) жасасқан шарт бойынша азаматтардың отбасына берілетін тәрбиенің нысаны.

Баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген тұлға (патронаттық тәрбиеші) мен қорғаншы және қамқоршы органның арасында жасалатын баланы (балаларды) тәрбиелеуге беру туралы шарт патронаттың пайда болуына негіз болып табылады.

2. Баланы тәрбиелеуге беру туралы шарт:

- 1) баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және оқыту жағдайларын;
 - 2) патронаттық тәрбиешілердің құқықтары мен міндеттерін;
 - 3) қорғаншы және қамқоршы органдардың патронаттық тәрбиешіге қатысты міндеттерін;
 - 4) шартты тоқтатудың негіздері мен салдарын;
 - 5) баланың патронаттық тәрбиешіге қандай мерзімге берілетіндігін қамтуы
- т и і с .

Патронаттық тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Баланы тәрбиелеуге беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзуға:

1) дәлелді себептер (сырқаттану, отбасылық немесе материалдық жағдайдың өзгеруі, баламен өзара түсіністіктің болмауы, балалар мен басқалардың арасындағы шиеленісті қарым-қатынастар) болған кезде патронаттық тәрбиешілердің бастамашылығы бойынша;

2) баланы асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беру үшін қолайсыз жағдайлар пайда болған кезде қорғаншы және қамқоршы органның бастамашылығы бойынша;

3) бала ата-анасына қайтарылып берілген немесе баланы асырап алған жағдайларда мүмкін болады.

2. Балаларды патронаттық тәрбиешілерге тәрбиелеуге беру

4. Қорғаншы және қамқоршы органдар баланы патронаттық тәрбиешілерге тәрбиелеуге беру кезінде оның этникалық шыққан тегін, белгілі бір дінге және

мәдениетке қатысын, ана тілін ескере отырып, баланың мүддесін басшылыққа а л а д ы .

Баланы (балаларды) шарт бойынша патронаттық тәрбиешілерге беру үшін алдын ала таңдауды қорғаншы және қамқоршы органмен келісім бойынша баланы (балаларды) отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар жүзеге а с ы р а д ы .

Ағайындыларды, олардың мүдделеріне жауап беретін жағдайларды қоспағанда, ажыратуға жол берілмейді.

5. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиешілерге беру оның пікірі ескеріле отырып, ал он жасқа толған баланы (балаларды) беру - тек оның келісімімен ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Патронаттық тәрбиешілердің қамқорлығына ата-анасының қамқорлығынан айрылған және жеке адамдардың қорғаншылығында (қамқорлығында) емес балалар алынады.

6. Патронаттық тәрбиешілерге қорғаншылыққа және қамқорлыққа берілген әрбір балаға мекеменің әкімшілігі немесе білім бөлімдері мынадай құжаттарды:

1) тууы туралы куәлігін;

2) денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік анықтама мен баланың даму тарихының көшірмесін;

3) білімі туралы құжатты;

4) ата-анасы туралы құжаттарды (қайтыс болуы туралы куәлік, сот үкімі немесе шешімі, ата-анасының науқасы немесе іздестірілуі туралы анықтама және баланың ата-анасының қамқорлығынан айрылғандығын растайтын басқа да құжаттар);

5) зейнетақы алатын балаларға зейнетақылық кітапшаны, соттың алимент өндіріп алу жөніндегі шешімінің көшірмесін;

6) аға-інілері, апа-сіңлілері және олардың тұратын жерлері туралы а н ы қ т а м а н ы ұ с ы н а д ы .

Патронаттық тәрбиешілерге берілген бала (балалар) алиментке, зейнетақыға, жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын үй-жайға меншік құқығын немесе тұрғын үй-жайды пайдалану құқығын сақтайды. Тұрғын үй-жайы болмаған жағдайда тұрғын үй заңдарына сәйкес оған тұрғын үй-жай берілуге құқығы болады.

7. Патронаттық тәрбиешілерге берілген бала (балалар) "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзге де құқықтарға ие болады.

3. Патронаттық тәрбиешілер

8. Патронаттық тәрбиешілерді іріктеуді қорғаншы және қамқоршы органдар жүзеге асырады.

Екі жыныстағы жасы кәмелетке толған адамдар ғана:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;
- 2) сот бойынша ата-аналық құқықтарынан айрылған немесе сот ата-аналық құқықтарын шектеген адамдарды;
- 3) өзіне заңдармен жүктелген міндеттерді дұрыс атқармағаны үшін қорғаншы (қамқоршы) міндетінен шеттетілгендерді;
- 4) бала асырап алуды олардың кінәсі бойынша сот тоқтатқан бұрынғы бала асырап алушыларды;
- 5) денсаулық* жағдайы бойынша баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда, патронаттық тәрбиеші бола алады.

*Баланы асырап алуға, оны қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронатқа алуға болмайтын аурулардың тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 маусымдағы N 842 қаулысымен бекітілген.

9. Егер олардың мүдделерінің арасында қайшылық болмаса бірнеше бала үшін бір патронаттық тәрбиеші тағайындауға жол беріледі.

10. Балаға патронаттық тәрбиеші тағайындау кезінде патронаттық тәрбиешінің адамгершілік және басқа да жеке басының қасиеттері, оның патронаттық тәрбиешінің міндеттерін орындауға қабілеті, патронаттық тәрбиеші мен баланың арасындағы қарым-қатынас, патронаттық тәрбиешінің отбасы мүшелерінің балаға қарым-қатынасы, сондай-ақ, егер мүмкін болса, баланың өзінің тілегі ескеріледі.

11. Патронат шартын жасасу туралы мәселені мынадай құжаттар:

- 1) адамның патронаттық тәрбиеші болғысы келетіні туралар өтініші;
- 2) егер патронаттық тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса жұбайының келісімі;
- 3) патронаттық тәрбиеші болуға тілек білдірушінің денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 4) егер патронаттық тәрбиеші болуға тілек білдірген адам некеде тұратын болса жұбайының жай-күйі туралы анықтама;
- 5) баланы тәрбиелеуге үміткердің тұрмыс жағдайын тексеру актісі;
- 6) патронаттық тәрбиешіге тәрбиеленуге берілетін баланың тұрмыс жағдайын тексеру актісі болған жағдайда қорғаншы және қамқоршы органдар шешеді.

12. Патронаттық тәрбиешінің баланы тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемеге уақытша орналастыруы патронаттық тәрбиешінің осы балаға қатысты құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды.

13. Патронаттық тәрбиешілер өз қамқорлығындағы баланың құқықтары мен мүдделерін кез келген тұлғаларға қатысты, оның ішінде сотта, арнайы өкілеттісіз қорғайды.

4. Патронаттық тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағу

14. Әрбір баланы асырап-бағуға ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде ақшалай қаражат төленеді.

15. Қорғаншы және қамқоршы органдар патронаттық тәрбиешілерге қажетті көмек көрсетуге, баланың (балалардың) өмірі мен тәрбиесі үшін қалыпты жағдай жасауға жәрдемдесуге міндетті.

16. Қамқоршы және қорғаншы органдар патронаттық тәрбиешілерге жүктелген баланы (балаларды) асырап-бағу, тәрбиелеу және білім беру жөніндегі міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 9 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 1 3 4 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастырудың Ережесі

1. Осы Ереже "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастырудың тәртібін белгілейді.

2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды толық және жан-жақты есепке алу үшін бастапқы, аймақтық және орталықтандырылған есепке алу жүргізіледі.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды бастапқы есепке алуды қорғаншылық және қамқоршылық орган жүзеге асырады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды аймақтық есепке алуды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдары жүзеге асырады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алудан білім беру саласындағы орталық атқарушы орган жүзеге асырады.

3. Қорғаншылық және қамқоршылық орган ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтайды, мұндай балалардың бастапқы есебін жүргізеді және ата-анасының қамқорлығынан айырылудың нақты жағдайына сүйене отырып, баланы орналастырудың нысандарын (асырап алуға отбасына, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) немесе патронат шарты бойынша беру) таңдайды, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық үлгідегі мекемелерге (тәрбиелік, емдеу және басқа да) орналастырады.

4. Ата-анасы қайтыс болған, олар ата-аналық құқығынан айрылған, олардың ата-аналық құқығы шектелген, ата-анасы әрекетке қабілетсіз деп танылған, ата-анасының сырқаттығы, ата-анасы балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан, оның ішінде ата-анасы балаларын тәрбиелеу, емдеу және басқа да осындай мекемелерден алудан бас тартқан жағдайларда, сондай-ақ ата-ана қамқорлығы болмаған басқа да жағдайларда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтерге ие мекемелердің (мектепке дейінгі білім беру, жалпы білім беру, емдеу және басқа да мекемелердің) лауазымды тұлғалары мен өзге де азаматтар олар туралы балалардың іс жүзіндегі орналасқан жері бойынша қамқоршылық және қорғаншылық органға хабарлауға міндетті.

Қорғаншылық және қамқоршылық орган осындай мәліметтерді алған күннен бастап үш күннің ішінде баланың тұрмыс жағдайына тексеру жүргізуге және оның ата-анасының немесе оның туыстарының қамқорлығы болмауы фактісі анықталған жағдайда, оны орналастыру туралы мәселе шешілгенге дейін баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала орналасқан тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердің басшылары өздеріне бала отбасына тәрбиелеуге берілуі мүмкін екендігі белгілі болған күннен бастап жеті күндік мерзімде аталған мекемелердің орналасқан жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органына хабарлауға міндетті.

Көрсетілген мекемелердің әкімшілігіне өздеріндегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер мен олар туралы деректерді жекелеген азаматтарға, мекемелерге және қоғамдық ұйымдарға хабарлауға жол берілмейді.

6. Қорғаншылық және қамқоршылық органы осы Ереженің 4 және 5-тармақтарында көрсетілген мәліметтер түскен күннен бастап бір айдың ішінде баланы отбасына асырап алып тәрбиелеуге, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) немесе патронат шарты бойынша орналастыруды қамтамасыз етеді және баланы отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда мұндай бала туралы мәліметтерді есепке алу және баланы кейін Қазақстан Республикасының

аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының отбасына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдем көрсету үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің білім беруді басқару органына жолдайды.

Егер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің білім беруді басқару органы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала туралы мәліметтерді алғаннан кейін бір ай өткен соң мұндай бала отбасына асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) немесе патронат шарты бойынша берілмесе, көрсетілген бала сауалнамасының көшірмесі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органына беріледі.

7. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы қорғаншылық және қамқоршылық органының келіп түскен хабарламасының негізінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы аймақтық есеп жүргізеді және деректердің аймақтық банкін қалыптастырады, бала асырап алуға тілек білдірген үміткерлер үшін балаларды іріктейді, оларға баланың іс жүзінде тұратын (орналасқан) жері бойынша бару және баланы асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронатқа беру туралы мәселені шешу үшін тиісті қорғаншылық және қамқоршылық органдарына жолдама береді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдары баланың Қазақстан Республикасының азаматтарына асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронаттық тәрбиешілерге отбасында тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда өзіне ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала туралы мәлімет келіп түскен күннен бастап екі айлық мерзімде бұл бала туралы мәліметтерді ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуға қою үшін орта білім беру саласындағы орталық атқарушы органға хабарлауға міндетті.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдары ол туралы мәліметтер орта білім беру саласындағы орталық атқарушы органдағы баланың мәртебесі өзгерген (ата-анасының (ата-аналарының) ата-аналық құқықтары қалпына келтірілген, баланы асырап алған және басқа да) жағдайда оған ол туралы бір апта мерзімде хабарлайды.

8. Орта білім беру саласындағы орталық атқарушы орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру органдары хабарламасының негізінде Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректердің республикалық банкін қалыптастырады, осы балалардың орталықтандырылған есебін жүргізеді, өтініш жасаған асырап алуға үміткерлер үшін олар туралы мәліметтердің негізінде балаларды іріктейді, оларға баланың іс жүзінде тұратын (орналасқан жері бойынша бару және баланы асырап алуға, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа), патронатқа беру туралы мәселені шешу үшін

тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдарына жолдама береді, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдарына олардың сұрау салуы бойынша Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы деректердің республикалық банкінде бар мәліметтерді береді.

9. Баланың сауалнамасы көшірмесінің Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы орталық атқарушы органында тіркелген күні баланы орталықтандырылған есепке алу күні болып есептелінеді.

10. Деректердің республикалық банкі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау және сақтау үшін қалыптастырылады.

11. Балалар туралы деректердің республикалық банкін қалыптастыруға және пайдалануға қойылатын міндетті талаптар:

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (бұдан әрі - балалар) туралы мәліметтерді жинау;

балалар туралы ақпаратты тек қана олар туралы деректердің республикалық банкін қалыптастыру және пайдалану мақсаттары үшін пайдалану;

балалар туралы ақпараттың толықтығы мен шынайылығы;

ақпаратты жария болудан, ұрлатудан, жоғалтудан, жасанды көшірмеден және бұрмалаудан қорғау болып табылады.

12. Қорғаншылық және қамқоршылық органдар балалар туралы аймақтық және республикалық банктерді пайдалануды қызметтік ақпарат алмасу арқылы жүзеге асырады, балалар туралы құпия ақпараттың кездейсоқ өзгеруін, жойылуын немесе жоғалуын болдырмау үшін қорғауды қамтамасыз етеді.

13. Білім саласындағы орталық атқарушы орган жазбаша сұрау салынған кезде деректердің республикалық банкінде бала туралы мәліметтердің есепте тұру фактісі туралы сотқа, прокуратура немесе тергеу органдарына ақпарат беруге міндетті.

Ескерту. 10-13-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 428 қаулысымен. P020428_

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастырудың ережесіне

Суреті

қосымша

Баланың сауалнамасы

(сауалнаманың нөмірі)

(сауалнаманы толтырған органның атауы)

Тіркелген толтырылған күні

(жылы, күні, айы)

Бала туралы мәлімет _____
(толтырылған күні) (тегі, аты, әкесінің аты)

Жынысы _____ Туған күні _____
(туған жылы, күні, айы)
Әлеуметтік мәртебесі _____

(ата-анасынан айрылуы жағдайы)

Туған жері _____
(облыс, аудан, елді мекен)

Тууы туралы куәлік
нөмірі _____ сериясы _____ Берілген күні _____
Ерекше белгілері _____
(бойы, салмағы, көзінің түсі, шашының түсі)
Мінез-құлықтық ерекшеліктері _____
(көпшіл, бұйығы және т.б.)
Баланың орналасқан жері _____

Денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды

Ата-анасы туралы мәлімет

(толтырылған күні)

Анасы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Туған күні _____
(жылы, күні, айы)

Тұратын жері _____

Әлеуметтік анықтама _____
(жұмыс орны, денсаулық жағдайы:

қалыпты, созылмалы науқастары, мүгедектігі)

Әкесі _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Туған күні _____

(жылы, күні, айы)

Тұратын жері _____

Әлеуметтік анықтама _____

(жұмыс орны, денсаулық жағдайы:

қалыпты, созылмалы науқастары, мүгедектігі)

Аға-інілері, апа-сіңлілері, басқа туыстары _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, тұратын жері)

Қосымша ақпарат _____

